

Педагогика және психология кафедрасы басқа университеттермен тығыз байланыста

Соның дәлелі ретінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 2019 жылдың 10-12 сәуір күндері сананы қоғамдық жаңғырту жағдайында педагогикалық ғылымдарды дамытуға бағытталған жас талантты педагог-зерттеушілерді анықтау және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды арттыру мақсатында «7M01-Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша магистранттардың республикалық олимпиадасы өтті. "Жалпы педагогика және Музыкалық білім беру" кафедрасының доценті А. М. Усенова жетекшілігімен психологиялық-педагогикалық мамандық магистранттарынан құралған "Болашақ" командасы 19 команданың ішінде ашықтық, динамикалық, вариативтілік, ынтымақтастық, ғылыми және шығармашылық тәсілдерімен ерекшеленіп, II орынға ие болды.



